

«Бизнес және цифрлық технологиялар» институтында қасиетті Рамазан айында аталған институттың студенттеріне ауызашар ұйымдастырды.

«Бизнес және цифрлық технологиялар» институтында білім беру үдерісі тек кәсіби білім берумен шектелмей, студенттердің тәрбиесіне, рухани дамуына да ерекше мән беріледі. Институт ұжымы жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, бір-біріне көмектесу, қол ұшын беру, өзара қолдау көрсету және қамқорлық таныту сияқты құндылықтарды қалыптастыруды басты қағидалардың бірі ретінде қарастырады.

Осыған орай, 2026 жылғы 5 наурызда «Бизнес және цифрлық технологиялар» институтының ұжымы институт студенттеріне арналған ауызашар дастарқанын ұйымдастырды.

Рамазан айында ораза ұстаған студенттерге ауызашар беру – студенттер арасындағы достық пен ұйымшылдықты нығайтуға, қайырымдылық пен жанашырлық қасиеттерін дамытуға бағытталған игі бастама болды.

Аталған іс-шара студенттер мен оқытушылар арасындағы рухани байланысты нығайтып, жастарды ізгілікке, өзара құрмет пен қолдауға тәрбиелеуге ықпал етті.

Осындай тәрбиелік маңызы зор шаралар институтта алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек. Өйткені білім мен тәрбие қатар жүрген жерде ғана болашақтың білікті, парасатты және жауапты азаматтары қалыптасады.

